


**Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№7 мектеп-лицейі» КММ
2025 жылының 10 айын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу бойынша
АНЫҚТАМА**



17 қараша 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік Қағидалары бойынша 2025 жылдың 10 айының қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№7 мектеп-лицейі» КММ-ның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

№7 мектеп-лицейінде жалпы қызметкерлер саны – 232. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 191, техникалық қызметкер -41, оның ішінде- 2 кітапханашы.

Педагог-зерттеуші - 63, педагог сарапшы - 44, педагог-модератор - 60 , жоғары санатты - 1 , бірінші санатты - 0 , екінші санатты - 0 , санатсыз саны - 23 . Жоғары білімді - 187, арнаулы орта білімді - 4 . Педагогика ғылымының магистрі – 25.

Сонымен қатар, мектеп-лицейінде барлығы 1902 оқушы бар. 1-сыныпқа- 136 оқушы, оның ішінде электронды түрде - 117 өтінішпен, қағаз жүзінде - 19 өтінішпен қабылданған.

2024-2025 оқу жылында мектеп-лицейін 78 оқушы бітірген. Оның ішінде жоғарғы оқу орындарына – 70 түлек, колледжге – 5 түлек түскен, 1 мектеп бітіруші денсаулығына байланысты ешқайда орналаспаған (үйден оқытылатын), жұмысқа-2, 33 түлек мемлекеттік грантқа ие болған.

Кадр мәселесіне қатысты 2025 жылының 10 айында педагог немесе басқа да қызметкер жұмысқа қабылданған - 2 педагог, 2 тех.қызметкер

Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Зандылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген;

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан 514 мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер қабылданған.

Оның ішінде:

- білім саласына қатысты- 483,
- мектепке тікелей келген өтініштер- 31,
- балабақша қызметіне қатысты 0,
- басқа да өтініштер- 0.

1. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ЦОН) – 3.

2. Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны – 0.

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ПЭП) – 203 санды құрайды.

Мемлекеттік қызметтерге қатысты келіп түскен сұранымдар уақытылы қаралып, заң аясында жұмыстар жүргізілген.

- Жеке және заңды тұлғалармен шарттар электронды мемлекеттік сатып алу порталы арқылы заң талаптарын сақтай отырып жасалған. 2024-2025 жылдар аралығында шарт талаптарын орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдай орын алмағандықтан сотқа талап арыз берілмеген.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

Мектеп-лицейінде бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;

№7 мектеп-лицейі бойынша 2025 жылға жалпы қаралған бюджет - 1583496,0 мың теңге.

Оның ішінде:

111 бағдарлама бойынша – 1093668,0 мың теңге,

151 бағдарлама бойынша – 23378,0 мың теңге,

152 бағдарлама бойынша – 6536,0 мың теңге,

159 бағдарлама бойынша – 60159,0 мың теңге;

163 бағдарлама бойынша – 60548,0 мың теңге.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

2025 жылдың 10 айының қорытындысымен мектеп-лицейінде жеке тұлғалардан - 88, заңды тұлғалардан –28 өтініштер келіп түскен.

Сонымен қатар, әр аптаның сәрсенбі күні қала бойынша №7 мектеп-лицейі директорының жеке қабылдау тұрақты өткізіліп тұрады. Қажеттілік кезінде аптаның кез келген жұмыс күндерінде директормен қабылдау жүргізіле береді.

Бекітілген кестеге сәйкес көрсетілген мерзімде 37 рет азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдап, 37 ата-ананың өтініштері тыңдалды. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

2024 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89-бабының 2-тармағы бойынша, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәжделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Ішкі талдау барысында №7 мектеп-лицейінде өтініштер тіркелін, қаралып, өтініш иелеріне жазбаша, уақытылы жауап беріліліп, өтініш иелеріне ҚР-ның заңнамаларына сілтеме жасай отырып, өтініш иелеріне қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндірілген.

Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келін түскен өтініштер саны – 12. Бұл өтініштер бойынша арыз иесімен сөйлесін, тыңдау хаттамалары жасалынып, өтініштер электрондық жүйе арқылы жауап берілді.

2025 жылдың 10 айында Bilimclass.kz электронды журналының толтырылуы ай сайын тексерілді. Электронды журналдардың уақытылы 100% толтырылуы, тақырыптарды толтыру, үй тапсырмасын толтыру, жоспарлауды жүргізу, журналды жүргізу үнемі бақыланып отырылды. КТЖ, ҚМЖ ның толтырылуы, БЖБ,ТЖБ балдары электронды күнделікке уақытылы қойылғаны, формативті бағаның уақытылы қоюы қадағаланды. Bilimclass.kz толтырылуы үнемі мектеп әкімшілігінің бақылауында.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралып, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл салалар бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және мемлекеттік органдардың персоналын басқару қызметінің басты мәселелерін шешуге арналған, сонымен қатар, персоналды басқару процестерін дамыту мен жетілдіру жүйесі болып табылатын «Е-қызмет» персоналды басқару ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі, ҰББДҚ, BilimLand – платформасы, Bilimclass.kz жүйесі, қаржылық есептіліктер бойынша «salyk.kz», «stat.gov.kz», «esf.kz» автоматтандыру электрондық құжат айналымының жүйесі және «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі орнатылған.

2024-2025 оқу жылынан бастап педагогтерді аттестаттау процесі алғашқы рет «Ұстаз» ұлттық платформасы арқылы толықтай цифрлық форматта жүргізілуде.

9) Бөлімшенің ұйымдастырушылық басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Мемлекеттік сатып алу бойынша заңдылықтың бұзылу фактылері орын алмаған.

№7 мектеп-лицейінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

-құқық бұзушылықты болдырмау және алдын-алу мақсатында мектебімізде жүргізілетін іс-шаралары «Мектеп оқушыларының заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу» 2025 жылғы 29 тамыз айының № 526 бұйрық негізінде жоспарланған, оқушылар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары тәрбие беру үрдісін реттейтін нормативтік құжаттар сапалы орындалған.

- «Бастауын сыныппен қоштасу», «Негізгі сыныпты бітіру», «Соңғы қоңырау», «Аттестат тапсыру» кештерін өткізу барысында бітірушілер мен ата-аналарынан ақша жинау және білім беру ұымдары мен педагог қызметкерлеріне сыйлықтар мен қаржылай сыйлықтар беру (алу) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болу фактілерінің алдын-алу мақсатында мектеп директорының 29.08.2025 жылғы «Сыбайлас жемқорлық пен күрес және оларды тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау туралы» № 464 бұйрығында арнайы атап көрсетіліп, осы бұйрық негізінде педагогтер, сынып жетекшілері мен ата-аналар комитеттеріне тұрақты түрде жиналыстар өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен негізделген талаптардың орындалуына бақылау жүргізілмеген себебі № 7 мектеп – лицейінде 2025-2026 оқу жылында мектепалды даярлық тобы ашылмаған.

9) Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «№7 мектеп-лицейі» КММ-нің атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.

«№7 мектеп-лицейі» КММ директоры



М.Искаков